

Қазталов ауданында біржолғы талондардың құнын және жекелеген салық төлем ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қазталов аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 4 наурыздағы N 15-7 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 27 наурызда N 7-8-86 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қазталов аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 5 ақпандағы № 10-9 шешімімен.

Ескерту.Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қазталов аудандық мәслихаттың 2013.02.05 ақпандағы № 10-9 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" кодексіне, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Қазталов аудандық мәлихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғаларға біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Айына салық салу бірлігіне тіркелген бірыңғай жиынтық салық ставкалары 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Есмағұлов

Е. Газизов

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 4 наурыздағы
N 15-7 шешіміне N 1 қосымша

**Аудан аумағындағы базарларда тауарлар өткізу,
жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі
қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар,
дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар
үшін біржолғы талон құны**

Қызмет түрі	1 күнге біржолғы талон құны, теңге
Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызмет көрсету	150

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 4 наурыздағы
N 15-7 шешіміне N 2 қосымша

**Аудан аумағындағы дүркін-дүркін сипаттағы
қызметпен айналысатын жеке тұлғалар
үшін біржолғы талон құны**

N р/с	Қызмет түрі	1 күнге біржолғы талон құны, теңге
1.	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
	1) газеттер мен журналдар;	20
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет);	60
	3) бақша дақылдары;	100
	4) саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер;	60
	5) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері;	100
	6) жанурлар мен құстардың жемдері;	100
	7) сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегі, бал, саңырауқұлақ және балық;	60
2.	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	120
3.	Үй жануарлары мен құстарын бағу	40

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 4 наурыздағы
N 15-7 шешіміне N 3 қосымша

Ескерту. 3 қосымшаға өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Қазталов аудандық мәслихаттың 2010.05.28 N 28-2 Шешімімен.

**Айына салық салу бірлігіне тіркелген
бірыңғай жиынтық салық ставкалары**

--	--	--

N	Салық салу объектілері	Салық салу нысандарының бірлігі	Бірыңғай жиынтық салық ставкасы (айлық есептік көрсеткішінде)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	бір ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	бір ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	бір компьютер	1
4	<i>алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 2010.05.28 N 28-2 Шешімімен.</i>		
5	Бильярд үстелі	бір бильярд үстелі	3
6	Карт	бір карт көлігі	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК